

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА МЕДИА-АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Ф.Н.Жумабекова**

А.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің профессоры, п.ғ.к,

**Ә. Әділбайқызы**

№27 Балауса балабақшасының меңгерушісі,  
педагогика және психология магистрі

**ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:** «Білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымын (сымсыз коммуникациялар, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық жабдықтар, жергілікті желі, кеңжолақты интернетке қол жеткізу және т.б.) дамыту жұмысы жалғастырылады» - деп атап көрсетілген [1].

Бұл білім беру ұйымдарын сандық жүйеге көшіруді талап етеді. Қазіргі заманда адамның оқи алуы мен жаза алуы оның сауаттылығына дәлел бола алмайды. Кім болсын ақпаратпен жұмыс істей алуы керек. Бұл инженер үшін де, фермер үшін де, саясаткер үшін де, дәрігер үшін де бірдей қажет. Сондай-ақ, медио-ақпараттық сауаттылық (МАС), қазіргі уақытта тренд, ең қажетті, ең өзекті мәселеге айналып отыр.

Мектепке дейінгі ұйымдарда медиа және ақпараттық сауатты мамандар әр түрлі ақпарат көздерінен келетін ақпарат пен медиа хабарламаларды жетік түсіне алуы және ол түсінуді мәселелерді шешу үшін қолдана алуы қажет. Мұндай мамандар кітапхананың негізгі дағдыларын меңгерген және оқыту мен ақпарат алмасу үшін құжаттамалық ресурстармен жұмысты оңтайландыруға қабілетті бола алады. Медиа-ақпараттық сауатты тәрбиеші бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да ақпараттық қызметтердің, яғни кітапханалар, мұражайлар, мұрағаттар, Интернет, ақпарат саласында жұмыс істейтін оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының әлеуметтік функцияларын түсінеді және бағалайды. Ақпараттық провайдерлер адамдарға маңызды қызмет - қол жетімділікті және кейбір жағдайларда олардың ақпаратын сақтауды ұсынады. Бұқаралық ақпарат құралдарынан басқа, кеңінен қолданылатын ақпарат көздері де бар: медициналық ескертпелер, үкіметтің есептері, ауызша байланыс - бейресми және қоғамдық пікірталастар барысында жасалған [2].

Бұл ақпарат электронды түрде берілуі мүмкін (мысалы, сайлау алдындағы теледидардағы дебаттар) немесе жеке (мысалы, қалалық кеңестердің жиналыстарында). Бұл іс-шаралар медио немесе нақты адамдардың қатысуымен өткізілуі мүмкін. Негізінен, МАС кітапханалық дағдыларды, оқыту және зерттеу дағдыларын, техникалық дағдыларды қамтиды. Мұндай дағдыларды меңгеру педагогтың коммуникативті сауаттылығы қалыпты жағдайдағы қарым-қатынастан цифрлық коммуникацияның айырмашылығын түсінуіне, қазіргі коммуникация құралдарын (әлеуметтік желілер, мессенджерлер) қолдану білігі мен дағдысы, цифрлық ортада қарым-қатынас жасай білу этикасы мен нормаларын саналы түсінуіне негіз болады. Сондай-ақ, педагогтың технологиялық инновацияларға қарым-қатынасы оның технологиялық трендтерді түсінуі, қазіргі технологиялармен (гаджеттер, қосымшалар) жұмыс жасауға дайындығы, технологиялық инновацияның қоғам дамуы мен өзін дамытудағы пайдасын түсінуі ретінде анықталады.

Аталған педагогтың коммуникативті сауаттылығы түрлі білім беру жағдайында мәселелерді шешу және шешім қабылдау үшін түсіну мен ақпараттық сауаттылықты, кітапхананы пайдалану дағдыларын және сандық сауаттылықты дамытуға бағытталуы тиіс. Ол тәжірибеде педагогтерге ақпараттық сауаттылық және цифрлық технологиялар ұғымдарын түсіну үшін қажетті біліммен қамтамасыз етуге бағытталып, қазіргі әлемнің түрлі ақпараттық ресурстарына қол жеткізу және пайдалану дағдыларын дамыту мақсатында олардың өзара байланысын түсінуге қол жеткізуде маңызды болмақ. Осы дағдыларды игеріп, ақпаратқа қол жеткізе отырып, тәрбиешілер өмір бойы білім алып, сол арқылы олардың белсенді зияткерлік өмірге қатысуын қамтамасыз етеді.

Медиа-ақпараттық сауаттылық (МАС) өмір бойы білім алуға, білімге сапалы және жалпыға бірдей қол жетімді болу үшін маңызды.

Медиа және ақпараттық сауаттылық - бұл ЮНЕСКО 2007 жылы ұсынған жан-жақты тұжырымдама. МАС сандық немесе технологиялық сауаттылықты қоса алғанда, ақпараттық сауаттылыққа және медиа сауаттылыққа қатысты барлық құзыреттерді қамтиды. МАС контекстінде адамдардың ақпараттық және бұқаралық ақпарат құралдарымен, соның ішінде білім беру мақсаттары мен жағдаяттармен өзара әрекеттесуін жақсарту үшін әртүрлі өзара байланысты құзыреттер маңызды болып табылады [3]. Медиалық сауаттылық:

- демократиялық қоғамда медианың функциялары мен рөлін түсіну;
- медиа өз функцияларын орындай алатын жағдайларды түсіну;
- өзіне лайық функциялары бар медиа контентін сынау;
- өз ойын білдіру мен демократиялық процесстерге қатысуда медиамен байланыс орнату;
- пайдаланушы контентін жасауға қажетті (АКТ мен жұмыс дағдысын қоса есептегенде)

дағдыларды қолдану

Медиа және ақпараттық сауаттылық - бұл шығармашылық, заңды түрдегі барлық қажетті құралдарды қолдана отырып, ақпараттық және медиа-өнімдерге тиімді қол жеткізуге, талдауға, сыни бағалауға, түсіндіруге, пайдалануға, жасауға және таратуға мүмкіндік беретін білімнің, дағдылардың, көзқарастардың, құзіреттіліктер мен тәжірибелердің жиынтығы және этикалық негізі болып табылады.

ЮНЕСКО-ның бұл бағыттағы қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- білім берудегі МАС-тың мәні мен рөлі туралы хабардарлықты арттыру;
- халықаралық, аймақтық және ұлттық деңгейде МАС-қа қатысты саясат пен кәсіби стратегияларды дамытуға жәрдемдесу;
- тәрбиешілер, педагогтар мен мұғалімдер білім беру жүйесінің басқа мамандарының, университет және мектеп кітапханаларының қызметкерлерінің біліктілік деңгейлерін көтеру, сонымен қатар тиісті оқу материалдары мен құралдарын жасау;
- барлық мүдделі тараптардың ведомствоаралық, институт аралық және пәнаралық ынтымақтастығын ілгерілету [4].

Қазіргі жағдайда мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары және педагог мамандары мобильді оқыту құралдарына негізделген медиа және ақпараттық сауаттылық саласында кәсіби оқыту арқылы сандық білім беру ортасын пайдалануға және оны дамытуға қатысуға мүмкіндік беру қажет. Сонымен қатар өмір бойы білім беру тұжырымдамасы тұрғысынан білім берудің бейресми тәсілдерін қолдана отырып, медиа және ақпараттық сауаттылық саласындағы педагогтердің біліктілігін арттырудың пилоттық үлгілерін жасау және сынақтан өткізу қажеттілігі туындайды.

Ақпараттық және медиа-сауаттылықты іргелі дағдылар жиынтығына қосу бүгінгі таңда тәрбиешілердің медиа және басқа ақпарат берушілердің функцияларын түсінуі, іздей, бағалай білуі, жаңа ақпаратты құруы және оны білім беру, жеке, әлеуметтік, кәсіптік мақсаттарға жету үшін қолдана білуі қажет. Ол үшін ақпараттық сауаттылықтың нақты анықтамасына тоқталайық.

«Ақпараттық сауаттылық – мәселелерді талдау және шешім қабылдау үшін пайдаланылатын ақпаратты алуға, түсінуге, бағалауға, бейімдеуге, қалыптастыруға, сақтауға және ұсынуға қажетті құзыреттер жиынтығы. Ақпаратты сауатты адамдар келесі негізгі дағдыларға ие: сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты талдау және оны өз ойын білдіру үшін пайдалану, өз бетінше білім алу, ақпаратты құру, ақпараттандырылған маман және кәсіпқой болуға дайын болу, мемлекеттік қызметке және қоғамдағы демократиялық процестерге қатысу» [5].

Мұның мәні ақпараттық сауатты адамдар этикалық нормаларға сәйкес ақпараттар мен деректерді жинай, қолдана, ұйымдастыра, синтездеп, құра алуы керек.

Ақпараттық сауаттылық келесі дағдыларды игеруді білдіреді [5.11-12]:

- ақпараттық қажеттіліктерді анықтау және хабардар ету;
- ақпарат көздерін анықтау;
- ақпаратты табу немесе іздеу;
- ақпараттың сапасын талдау және бағалау;
- ақпаратты ұйымдастыру, сақтау немесе мұрағаттау;
- ақпаратты этикалық нормаларға сәйкес пайдалану;
- жаңа білім құру және алмасу;
- табылған ақпараттың мазмұны мен көлемін талдау және бағалау.

Осыған байланысты медиа-ақпараттық сауаттылық жаһандық медиа-кеңістіктің ресурстары мен мүмкіндіктерін пайдалануға дайын болу ретінде анықталады. Медиа-ақпараттық сауаттылық мәдени, этикалық, технологиялық, әлеуметтік аспектілерді қамтиды және педагогтардың ақпараттық дағдыларын қалыптастыруды білдіреді: өзіндік пікір қалыптастыру, жеке пікір айта білу, әлеуметтік үдерістерге белсенді ақпараттық қатысу, білімді сыни тұрғыдан түсіндіру, ақпарат құралдарын қауіпсіз пайдалану бағытында жүзеге асырылады. Оған мысал ретінде №27 «Балауса» балабақшасының ұжымы «Өркендеу» бағдарламасының «Зияткер әлемі» бағытында сандық жүйені және ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында эксперимент алаңының жұмысын бастауда. Мұнда медиа сауаттылықтың келесі компоненттерін іске асыру көзделеді: эстетикалық және шығармашылық дағдылар; интерактивті дағдылар; сыни талдау дағдылары; қауіпсіздік және басқару дағдылары.

**Мақсаты:** балалардың зияткерлік қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық мүмкіндігінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістік құру, мамандардың өздігінен білім алу және ақпараттық сауаттылығы мен құзіреттілігін қалыптастыру;

**Міндеттері:**

мектепке дейінгі ұйымдағы оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану;

мамандардың медиа-ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық дереккөздерді, ақпараттық жұмыста этикалық нормаларды сын көзбен іріктеуді; жоғары ақпараттық мәдениетті қалыптастыру;

ЕЭК жұмысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін онлайн-сыныптардың мәліметтер базасын құру және тиімді пайдалану.

ұйымдастырған оқу қызметінде қашықтан оқытуға арналған дидактикалық материалдар, компьютерлік ойындар, онлайн-сабақтар т.б. әзірлеу, оқу-әдістемелік көмекші құралдар дайындау;

Аталған мақсат, міндеттереді жүзеге асыруда ақпараттық сауаттылықтың маңызды аспектісі ретінде төмендегі критерийлер басшылыққа алынады:

1. Мектепке дейінгі ұйымға келіп түскен ақпаратты қабылдау және өзгерту:

- айналаңыздағы әлем туралы жаңа ақпарат алу,
- бұқаралық ақпарат құралдарының әсерін және олардағы ақпаратты ұсыну формасын түсіну,
- жаңа ақпарат базасын құру,
- өмір бойы оқуды жалғастыру;

2. Ақпаратты және шығармашылық көріністі бағалау:

– ақпараттарды талдауда сыни тұрғыдан ойлану, тәжірибеде пайдаланудың жолдарын қарастыру;

- негізделген және тәуелсіз шешімдер қабылдау,
- өзін-өзі көрсету және шығармашылық үшін медианы пайдалану;

3. Байланысты жүзеге асыру:

- қоғамдық дискурсты қолдау,
- қауымдастық сезімін қалыптастыру,
- қоғам өміріне және ғаламдық ақпараттық желіге қатысу;

4. Этикалық нормалар мен қауіпсіздік:

- қауіпсіздік талаптарына сәйкес баспа құралын пайдалану,
- бұқаралық ақпарат құралдарын моральдық-этикалық нормаларға сәйкес пайдалану.

Балабақшада медио-ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру үшін тәрбиеші педагогтар:

мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші педагогтар және мамандар медиа сауаттылықты – бұқаралық ақпарат құралдарының маркетинг пен хабарлама алмасу тұрғысында қалай жұмыс істейтінін түсінуі керек;

кез-келген мазмұн үшін мақсатты аудитория туралы нақты түсінік алу, сонымен бірге оның не үшін және қалай пайда болғандығы туралы жауап бере алуы маңызды;

ақпараттық сауаттылықты арттыруда - ақпараттың шындыққа қарсы пікірге немесе растауға қатысты ақпараттың не екенін түсінуі;

цитаталар мен дереккөздерді түсіну кез-келген интеллектуалды ұмтылысқа, әсіресе Интернетпен сауатты жұмыс жасай білуге дағдылануы қажет;

ақпараттық технологияларды пайдалануда деректерді сақтау және жылжыту, бірақ өздігінен ешқандай мән тудырмайды. АТ жүйелері басқаларға пайдалану және түсіну үшін қол жетімді деректерге ие бола алуы шарт;

ақпараттық технологиялармен жұмыс жасай білу сауаттылығын арттырып, кәсіби құзіреттілігін жетілдіріп отыруы қажет;

қашықтан оқыту жүйесіндегі вебинар, семинарлар, конференцияларға жиі қатысу және арнайы онлайн курстардан өтіп отыру;

медиа құралдарды оқу үдерісінде пайдаланудың тиімділігін арттыру және озық іс-тәжірибе насихаттау;

арнайы оқу әдістемелік құралдар дайындау (мультимедиялық, т.б. )

Ойымызды қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен білім берудің ақпараттық басқарудың ұйымдастырушылық-педагогикалық ортасын қалыптастыру қажет.

Педагогтардың медиа сауаттылығын оның ақпаратты және оны тарату формалары мен арналарының көптүрлілігін түсіне білуден, әртүрлі ақпарат көздерінен жаңалықтарды іздей білу мүмкіншілігінен және олардың толықтылығы мен нақтылығын тексеру дағдысынан, ақпараттық хабарламалар мен жаңалықтарға сыни тұрғыдан қарай білуінен анықтауға болады. Тәжірибеде білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану сауаттылығын жетілдіруді жүзеге асыруға баса назар аудару білім беру ресурстарын тиімді басқаруға ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.
2. Сергей Штурхецкий, Сәния Әбдіғапар (қазақ тіліне аударған) МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ. Жоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралы. 2018.
3. Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: монография / ред. Б.Дендеева - М.: ЮНЕСКО ПТЕ, 2013. – 320 б.
4. БАҚ пен ақпараттық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық аспектілері [Электронды ресурс] / С. Туоминен. – М.
5. Шариков, А. В. Сандық сауаттылықтың төрт компонентті моделі туралы // Әлеуметтік саясатты зерттеу журналы. – 1 (14). – С. 87-98.